

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

III том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеуов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

А 13      **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /**  
құраст, түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбіштулұ Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйынан еткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жогары синапті оқушылардың жогары мектептеге білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мемдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінін нығайына, интеллектуалдық, олеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәннаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

## **КЕМЕНГЕРЛІК КЕЛБЕТІ**

Жаңа жазба әдебиетіміздің негізін салушы, данышпан ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 80 жыл тулы тұсында жүртшылық өзінің ұлы перзентінің мәдени рухани тарихымыздағы орнын, өлмес шығармаларын, ізгі өнегесін келелі кенес тақырыбы етуі табиғи. Өйткені Абай мұрасы – мәңгілік мәнін жоймайтын, әр заманда да әсері азаймайтын, уақыт озған сайын терен сырлары ашила түсетін, бүгінгі мен болашақтың сан буынын тәрбиселейтін ұлттық байлығымыз. Қандай ұлы ақықатты да әр қауымның құлағына құйып, санасына сініріп, үздіксіз үлгі тұтып, ардақтаپ, насиҳаттап отырмаса, мәдени жалғастық баяулап, дәстүріміздің тұгастығына нұқсан келмек. Ал классикалық әдебиетіміздің асқар бінгі болып табылатын Абай шығармаларын әрдайым қайталап оқып, мағынасын ұфып отыру халқымыздың елдік санасын, көркемдік тұшынымын өсіретін мықты құрал болып қала береді. Керісінше Абайдың асыл ойлары мен ақыл сөздеріне, халқына қалдырған ғибрат, өситеттеріне немкүрайлы қараушылық зындандай қараңғылық, ем қонбас жәнілдік белгісі болмақ. Ендеше жаңа тарихымыздағы ең ірі, ең нұрлы тұлға туралы пікір тізбегі толастамауға тиіс.

Біз бұл мақалада Абайға қатысты қыруар мәселелер тобынан бірер нәрсеге ғана кідрігіміз келеді. Соның бірі – ұлы ақын туындыларының біздің дәүірімізде де танытқыштық әрі тәрбислік мәнін жоймаган заманагейлігі, екіншісі – Абай мұрасын бұдан былай да зерттеу мен насиҳаттау міндеті.

Откендерегі ақын, өнерпаз, ғалым, ойшылдар еңбегінің бағасы қашан да халықтың терен мүдделерін, ұлы сауалдарын батыл көтеруіне, соған орнықты, әділ, ілгерішіл көркемдік жауап айта алудына қарай өлшенеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда Абай туындылары өз кезінің көкейкесті сөзіндей,

ұлы арманындағы естіледі. Заман мен адам туралы кемел ғибрат болып қала береді. Біздің дәуірімізге ақын шығармаларының ішкі қуаты әлсіремей, талдау, сынау күші кемімей, өмір өксіктері өшпеген қалпында жетуі олардың тәрбиелік мәнін арттырады.

Абай мұрасының теңдесі жоқ білгірі М. Әуезов өзінің монографиясында ақын шығармаларында элеуметтік сыншылдық сипаттың күшті екенін белгілі шығарған: «Шынға келгенде Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын жалынды, жанды, өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ, шанышпа тілді, сатирының аңы мысқыл, улы құлқіге ұрғандық көп пе? Біздің ұғымызша соңғы түрі басымырақ сияқты» (Абай Құнанбаев, «Ғылым» баспасы, 1967, 39-40 беттер). Бұл – Абай өмірі мен туындыларын тиянақты тексеруден, ұлken танығыш талғамнан туған тұжырым.

Кезінде ақын шығармаларында күрделі орын алған сарындар біздің заманымызға да үндес шығуы қайран қаларлық. Елді тұрақты еңбекке, кәсіпке, адамшылыққа, оқу-білімге, достық-ынтымаққа шақыратын өлеңдер – қазір де күн тәртібінен түспеген мәселелер. Абай шығармалары советтік дәуір адамдарына да бұл тараптан өнеге, үлгі таратарлық тартымды. Мұның өзі агартуышылық реализмің әлі күнге дейін көркемдік тәсілдері жалғасып келе жатқандығын көрсетеді.

Ақынның «орынды іске жүріп, ой таппаган, не болмаса, жұмыс қып мал таппаган, құр бекерге бұлғактаған» жастандарды сынауы нысанада дәп тиеді. Адамды еңбек арқылы жетілдіру біздің қоғамымыздың да түбірлі тәрбиелік принциптерінің бірі ғой. Ол жастандарын еңбекке баулынбай, дүниенің онайина қызығушылығы ұлken дерптеп санайды («Терін сатпай, телміріп, көзін сатып, теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман»). «Сегіз аяқ» деген атақты өлеңінде ақын жұртшылықты еңбекке үгіттейді, бұл адад өмір сүрудің, бақытқа жетудің негізгі шарты деп қарайды («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Егіннің ебін, сауданың тегін, үйреніп, ойлап, мал ізде»). Бәріміздің бала күнімізден жатқа білетін «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлең де еңбекшілдік ұраны секілді әсер қалдыратын. «Сен де бір

кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар, қалан» деген сөздерде терең философиялық мән жатыр.

Абайдың адамшылдық, ар, парыз туралы өлеңдері де тара-пынан бұғінгі коммунистік қоғам құрылышыларының санасына өшпес өнеге құйып келе жатқаны белгілі. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлең, мәселең, тұтас дәріс, адамшылық сабағы десе болады. Көбіміз мектеп қабырғасында жүргендеге-ақ билетін, бірақ мағынасына аса көп ой жүгірте коймаған жолдарда кісліктің кодексі, әдептілік низамы тізілген екен.

...Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеніз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеніз.  
Өсек, өтірік, мақтандып,  
Еріншек, бекер мал шапшақ, –  
Бес дүшпіаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой  
Қанағат, ракым, ойлап қой –  
Бес асыл іс көнсеніз...

Бұл жолдарда саналған жақсы мен жаман деген шарттың әр қайсысында телегей-теніз ұғым жатыр. Осындай ойларын ақын басқа да өлеңдерінде ұдайы айтып отырады. Бұлар халықтық педагогиканың тармақтары тәрізді, адамзаттың неше ықылым заманнан бері тәжірибесінде қалыптасқан, сыннан өткен шындықтар. Абай шығармаларында толық, көміл адам деген тіркестер де ұшырайды. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» дейді ол. Осы түсініктер жан-жақты жетілген коммунистік құрылым дәүірі адамдарын тәрбиелеуді көздейтін қазіргі қоғамымыздың ең биік нысаналарымен ұштасады.

Оқу-білімге, достыққа, ынтымаққа шақырған шығармалардың да актуальді мәні күшті екенін білеміз. Адамдар арасындағы мақсат бірлігі, татулық таусылмас береке екенін ақын көп өлеңінде қайталай мадақ етеді.

Кемді күн қызық, дәурен, тату өткіз,  
Жетпесе біріңдікін бірің жеткіз.  
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен  
Киянатшыл болмақты естен кеткіз!

Жүргегі жұмсақ білген құл,  
Шын дос таптай тынышымас,  
Пайда, мақтан – бәрі тұл,  
Доссыз ауыз тұшымас.

Сезімпаз көніл  
Жылды жүрек  
Таппадым деп түңілмес.  
Бір тәуір дос  
Тым-ақ керек  
Ойы мен тілі болінбес.

Абайдың «ойы мен тілі бөлінбейтін» дос, сырлас іздеуі, оны тіршіліктің тірегі, қызығы санауы дәл бүгінгі мұратқа да орайлас. Ал ақынның «Жарқ етпес қара көnlіm не қылса да» деген өлеңі ойы да, көркемдігі де кемел, іңкәрліктің мәнгілік сұлу әніндей әсер қалдырады.

Ақындық, сөз өнері туралы Абай толғамдары да мейлінше заманалық екені көрінеді. Реалистік әдебиет эстетикасының талаптары ақынның «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде толық таратылып айтылған. Өлеңнің талғамды, екшелген болуы, оқуға женіл әрі тартымды шығуы, түр мен мазмұнның үйлесуі, бөтен сөзді арапастырмау, қызықтылық, қисындылық – мұның бәрі тұтас бір теориялық, кітаптың ұғымын қыска да ұтымды тұжырымдайды. Шығарманың қоғамдық мәні, халық өмірінде алатын орны да аса білгір айттылған («Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»). Шын ақын келбеті мына жолдарда тамаша мінезделген.

Қыранша қарап Қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектеніп надан зұлымға,  
Шырышық атар, толганар.

Енді бірде ақын құргақ өлеңшілік пен шын жүректен шымырлап шыққан туындының арасындағы жер мен көктей айырмашылықты аңғартады.

Ақылмен ойлап білген сөз  
Бойына жұқпас, сирғанар.  
Ынталы жүрек сезген сөз  
Бар тамырды қуалар.

Осы келтірілген мысалдардан-ақ Абайдың ғибратшыл өлеңдері бүгінгі идеологиялық майданда да өз қызметін адал атқарып келе жатқанын білдіреді.

Ал ақын кезінде өшкере еткен, таңбалаған, адам бойындағы кеселдер деп тапқан қырсықтар да бүгінде түгелдей жойылып бітті деуге ерте. Есқі рулық-феодалдық қоғам қүйреп, оның орнына озық социалистік құрылыш бескісе де, ежелден бері бірге ілесіп келе жатқан алауыздық, күншілдік, қараулық, надандық секілді жамандықтар санадан арылып біте қоймапты. Сондай ұнамсыз көріністерді тануға, мінеп-шенеуге Абай өлеңдері бүгінде де өз көмегін тигізетіні анық. Ертедегі адам шошырлық жауыздықтар типінің жаны сірілігі айқын танылады. Сонда ақынның өсер елге, келер қауымға кесепат, қырсық деп тапқандары, жирене, мыскылдай түйрекендері қандай көріністер

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңде казак қауымында кездесетін кертарапта, кеселді салттардың шындығы сипатталған. Мәселен, мына екі жол ел пысықтарының кен тараған кейіпін айнаңтай суреттейді.

Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,  
Жақының тіріде анъып, өлсе өкірмек...

Бұндай екі жүзділік, тажалдай тақыстық қандай жағдайда сінді екен деп ойласаң, мұның да «тамағы тоқ, жұмысы жоқ» ортада, шын еңбекке үйренбеген, азamatтығы қалыптаспаған, рушыл, топшил, пайдакүнемдер арасында орын тепкенін түсінсің. Ауыл атқамінерлерінің, бір рудың «өкілі» болып сөйлейтін,

сыбаға тілейтін пысықтардың сұрқы мына жолдарда тайға таңба басқандай елестейді.

Сырттансымақ, қусынбак, өршілденбек,  
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.

Улкен елдік мүдделерге көтерілмеген, бүгінгі пайдасын, түсsetін табысын ғана ойлайтын, өздерін ерекше жытқыр санайтын, қалған жүрт касіретке ұшыраса селт етпейтін топшыл, жікшіл алапестердің арамзалағы әшкереленген.

Ант ішіп қунде берген жаңы құрсын,  
Арын сатып тілениген малы құрсын.  
Қысқа қунде қырық жерге қойма қойыш,  
Ку тілмен құлық, саутан заны құрсын.

Халық қамын ойлауга қабілетті, қатарынан озық жандарды қалайда сүріндіріп, оның орнына болымсыздарды көтеретін мінездердің адамшылдық, әділдік жолына жат екендігі де ақын назарынан тыс қалмайды.

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап?  
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап.  
Қыран шықса қияға жібереді  
Олар да екі құсын екі жақтап.  
Каркылдан қарға қалмас арт жагынан,  
Күйкентайы үстінде шықылыштап.  
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды  
Күні бойы шабады бос салақтап,  
Тий-шынып, ығза қып, ұстапнаса,  
Куанар иелері соңда ыржақтап...

Ақын осындағы қасиетсіз тәмендіктерге кейде ызаланса, кейде мұншама сорлылық қалайша жабысқанын ойладап қасірет шегеді, жүргегі қан жылайды.

Қалың елім, қазагым, қайран жұртый,  
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың,  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май бол енді екі ұртың...

Өзімдікі дей алмай өз малынды  
Күндіз күлкін бұзылды, түнде үйкyn.  
Бас-басына би болған өңкей кикым,  
Мінеки бұзған жоқ па, елдің сиқын?

Бұл жолдарда терең шындық бар... Мұндағы «жақсы», «жаман» деген сөздердің тікелей ұғымынан басқа ұлангайыр астары да сезіледі; «дүниені танымайсын, шикі, надансын, пайда мен зиянды, дос пен қасты ажырата алмайсын, әрқайсын аспанды тірегендей болып жүріп, елді сорға душар еткенінді білмейсін» деген ашынды ақиқат естіледі. Ұлтарақтай жер үшін өзара таласып, араздасып жүріп, көлдей жерін жау басып алғанда шыдан отыра беретін пасық, ұсақ мінез бұл өлеңде өзгеше рас болып көрінеді.

Бұқіл халық мұддесін айтып, мұқтажын ескертіп, әкімшілік орындарға мәселе көтеруге барынша енжар, ойсыз, тегеурінсіз «пысықтардың» бір-бірінің үстінен шағым, арыз беруге машиқ-танғанында ақын оңай жазылмайтын ауру қатарында санайды.

Барып келсе, Ертістің суын татып,  
Беріп келсе, бір арыз бұтып-шатып.  
Елді алып, Еділді алып есіреді  
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.

Ұлт болып қалыптасып ұлгермен, ортақ мәселелер үшін күресіп, бас біріктіріп, сол ынтымақтың қызығын, мұратын, сөнін көріп үйренбеген шакта оның орнын өзара жатырқаушылық, шын елдік арманға қабілетсіздік, құбылмалылық баспақ екен.

Кей курбы, бұғін тату, ертең бату,  
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.  
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ  
Қажымас, қайта айнымас қайран тату.

Сол замандағы әкімдердің мінез-құлқын, «типологиясын» ашатын, анық талдау беретін өлеңнің бірі – «Сабырсыз, арсыз, еріншек». Ол арсыздық, көрсекзызарлық, күншілдік, алауыздық, өтірікшілдік, нысапсыздық секілді залалды көріністердің себебі

мен салдарын білгір мінездейді, кейде бір-екі жол өлеңмен-ақ қоғамның болмысына түскен дерпті өте дәл сипаттайды («Бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ қарғып түсем деп, мертігеді, жатады»; «бір сөз үшін жау болып, бір құн үшін дос болып, жуз құбылған салт шықты»; «Пысық кім деп сұрасан, қалаға шапса дем алмай, өтірік арыз көп берсе, көргендерден ұялмай», «сыбырдан басқа сыры жоқ, шаруага қыры жоқ»). Елдің бетке шығар сорпасы саналып жүрген белсендерден нәрсіздігін, жұртшылық жайымен мүлде ісі жоқ, бір құлқынның қамы үшін ұятын бедден басып жүргендерді көріп-біліп отырған ақын мұны нағыз қасірет деп есептейді. Ондайлардың кескіні «таршылықта қайрандал, кеншіліктеге ойрандал», «күн жауғанда қойнында, күн ашықта мойнында», «жат айбынар ісі жоқ, – жау айдынар күші жоқ», «нанымы жоқ, анты бар» тәрізді сипаттамалар арқылы берілген. Осылардың халықтық көлемге шығарлық қауқары жоқтығын көріп, ақын «бас қосылса арыска, кім шабады намысқа» деп саяул қояды, бірақ жауабын таба алмайды. Осы ойлар «Құлембайға», «Мәз болады болысын» деген әйгілі шығармаларда толық таратылып айтылған.

Өзі көрген, таныған сан сорақылықтан, көп кесірден, ақылға сыймас парықсыздықтан арылу жолын іздеген суреттер кейде күйініш үстінде өте ауыр да болса ақықат сөздерге еріксіз барады.

Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла толганып.  
Жұрттым деуге арлымын,  
Озге жүрттан ұялып.

Кезінде атағы дабырайып шыққан әкімдердің тек арам әдіспен байлыққа, мансапқа жету айласы «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда» деген жолдарда нақтылы суреттелген. Ал бейбіт момын көпшіліктің арқасында биік дәрежеге қолы жеткендер қарауындағы халыққа жаны ашымайтындығы, тек өздерінің тәжі мен тағын ұстап тұруды ғана арман ететіні, зәбірленген, намысы тапталғап жүрттының мұқтажы үшін бел шешіп кіріспейтіні де аяусыз таңбаланған («Көздің жасы, жүректің қаныменен, жібітуге болмайды ішкі мұзын»).

Осы мысалдар Абайдың өз шығармаларында уақыттың ең жанды, ең мәнді мәселелерін көтергенін, адап сөзімен еңбекші халықты жақсылыққа шақырғанын, жамандықтан жирендірмек болғанын, шын мәніндегі заманагәй суреткерлігін дәлелдесе керек. Адам мінезінің білгірі, кең ойлайтын кемел ақын кезінде әшкөрелеген, зұлымдық деп таныған құбылыстар, салт пен санағағы көлеңкелі көріністер біздің тұсымызыда мулде жоғалып кетті, ондай соракылықтан құлан таза арылып болдық десек жаңсақ тұжырым болар еді.

Арамызда әлі де болса жершілдік, рушылық, топшылдық, қоғам, ел мүддесінен қара басының құлқын артық санайтындық кездесіп қалып отырады. Демек Абайдың ыза мен мықылға толы, уытты өлеңдері жұртшылық санасын оятуға қазірде де пәрменді қызмет атқарып келе жатыр дей аламыз. Ақын шығармаларының өміршешендігі олардың мінсіз көркемдігімен қатар асқан шыншылдығында, өсүімізге кедергінің атын атап, түсін түстеп сықақ ететіндігінде.

## 2

Енді ұлы ақын мұрасын тану, зерттеу саласында алда тұрған үәзипалар жөнінде пікір қозғауды орынды көреміз. Абайтану бойынша құнарлы еңбек еткен ғалымдар, ақын, жазушы зерттеулерін ел біледі, сол үшін біз оған кең тоқталмаймыз. Дегенмен солардың ішінен көрнекті зерттеушілерді атасақ: М. Әуезов, С. Мұқанов, Х. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Е. Исмаилов, М. Сильченко, Ә. Тәжібаев, Т. Әлімқұлов, А. Нұрқатов, Ә. Жириеншин, З. Ахметов, Х. Сүйіншәлиев, М. Мырзахметов, т.б. есімдерін айттар едік.

Ұлы ақын өмірі мен шығармаларын ғылымның бұған дейінгі жетістіктеріне сүйене отырып тереңдеп тексерудің сала-сала тақырыптары бар. Ол тақырыптардың бірқаншасын ұлы жазушы, ұлken ғалым М. Әуезов өзінің еңбектерінде ертелі-кешті айтып, ескертіп отырган, негізгі ойлар мен желілерді тізіп көрсеткен. Мәселен оның Абай дарының нәрлендірген үш рухани бұлақ жөніндегі тұжырымдарын алдымен еске салғымыз келеді.

«Абай Құнанбаев» атты тамаша зерттеуінде ол былай деп жазды: «...Дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры... Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы. Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәденисті және сол арқылы европа мәденисті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді» (270 бет).

Бұл тақырыптар түрлі зерттеулерде азды-көпті көтеріліп келеді. Бірақ Абайдың өз халқының көркем сөз даналығымен, шығыс, батыс әдебиеттерімен сан тарау байланысы кең көлемде тексерілген жоқ. Аталған тақырыптың әрқайсысынан алуан проблема екшеліп шыға бермек. Абай және орыс әдебиеті көбінесе идеялық түрғыдан сөз болып келген, ал ұлы ақынның сол әдебиеттің көркемдік тәсілін менгеру сатылары, шеберлік мәселесі, оған революционер, демократтар тәсірі жете ашылған емес.

Абай және шығыс классикалық әдебиеті де үлкен ізденістерді күтіп тұрғаны кәміл. Бұл жөнінде М. Әуезовтің «Абай Құнанбаев» атты монографиясында қысқаша айтқанынан, М. Мырзахметовтің соңғы жылдарда жарық көрген зерттеу еңбегінің бір тарауынан басқа көзге түсірлік ешнэрсе жоқ. Абай мен Науай, Низами, Физули, Дауани, Руми туындылары арасындағы байланыстар жеке-жеке салаланып анықталуға тиіс. Ұлы ақынның суфизмге қатысы, шығыс әдебиестіне еліктеуі мен үйренуінің, сын көзімен қарауының кезеңдері, кейде орта ғасырлық шығыс поэзиясының Абайға теріс ықпал жасаған тұстары, ақын туындыларында ислам этикасы мен догмасының аралас көрініс беруі, өзге ел шығармаларын қазақ топырағына әкелудің нәзирагөйлік дәстүрі тәрізді жайлар зерттеушілік нысанасы болуға лайық.

Абайдың дүниетанымы бірсызыра зерттелген, бірақ бұл тақырып одан әрі тереңдей түсуді қажет етеді. Ең басты мәселенің

бірі – ұлы ақынның творчестволық методын, реализмінің сыпатын, халықтығын айқындауға тіреледі. Бұл кезге дейін Абай шығармаларында ағартушылық, сыншыл реализмің сәйкестігі қаншалық дегенге берілген жауап жеткіліксіз. Осылайша тізе берсек, тағы да бірталай ғылыми аспектілерді атауға болар еді. Абайдың ақындық айналасы, оның дәстүрінің XX ғасыр басындағы әдебиетте дамытылуы, совет әдебиетінде жалғастық табуы, ұлы суреткердің өлең құрылышындағы жаңалықтардың түп негізі, шығармаларының жазылу тарихы – бәрі де жан-жақты ыждағатты зерттеуді тілейді.

Тіпті Абайдың туындыларын көшіріп, үлкен тарихи, мәдени қызмет атқарғандар еңбегі де жеке сөз боларлық. Өзбекстанда бұл секілді хаттар жайында арнайы кітап жазылғанын да білеміз. М. Әуезов ұлы ақын өлеңдерін көшірушілер турасында былай дейді: «Абай мұрасының халыққа тараулында көп еңбек етуші бір топ адамдар... болады. Ол көшірушілер ең әуелі Абайдың ұдайы қасында болған жақын адамдары: Қекбай, Ақылбай, Мағауия, Кәкітай (27)». Бұл қатарда татар молдалары Фабитхан, Мұхаммет-Кәрім, Махмұд, қазақ зияялылары Мұрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайыrbай есімдері аталады. М. Әуезов ақын шығармаларын көшіруде еңбек сіңірген Уәсилә, Әсия, Рахила, Ғалия, Ғабида, Қаныш тәрізді қыздар есімін де келтірген (көрсетілген кітап, 28 бет).

Улken міндеттін бірі – Абай шығармаларына текстологиялық жұмыс жүргізу. Бұл таралта орындалған іс аз емес, бірақ оны жетілдіре түсу шарт. Абай аудармаларының табиғатын анықтау, шығыс ақындарының белгілі бір оқиғаны жарыса немесе қайталай жазатын нәзирагөйлік дәстүрін оның орыс әдебиетінен жасаған тәржімасына қаншалық дәрежеде қолдануға болатынын да сөз ету жөн. Абайдың 1977 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан екі томдығында ақынның аударма деп есептелетін шығармаларына кең түсініктеме берілген, аудармалардың түп-төркіні нұскалған. Сонымен қатар кейбір аударманың өзінше жеке шығарма деңгейіне көтерілген кездері де көрсетілген. Мәселен, «Сұрғылт тұман дым бұркіп» деген өлеңнің түпнұсқаға жақын, алыстырыс сөз етіле келіп, «бүтіндей алғанда өлең аударма көлемінде қалмай,

тың, жаңа шығармаға айналған» (2 том, 245-бет) делінеді. Демек Абай аудармаларының сипаты, бағыты жөнінде зерттеу жалғаса беруге тиіс секілді. Оナン соң ақынның тәржіма дегендерін алдағы басылымдарда бөлек топтамай, хронологиялық ізімен өзге шығармалар арасында беріп отыру дұрысырақ болар еді. Бұл суреткердің шеберлік эволюциясын тануға да қолайлы.

Мұншама көп жұмыс құрамын жүзеге асыру оңай емес. Ол үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында Абайтану бөлімін ашатын уақыт жетті. Әзіrbайжан, өзбек ғылым академиясында Низами, Науай бөлімдері көп жылдан бері бар екенін жол-жөнекей айта кетудің артықтығы болmas. Осындай бөлім ашылып, маман кадрлар тәрбиелеуге көніл бөлінгенде ғана іс онына баспақ.

Классикалық әдебиетіміздің титан тұлғасы, өз творчество-сында қазақ ақынның, шығыс шайрының, европа денгейіндегі суреткердің мүмкіндігін шебер қиуластырған, бір өзі қазақтың көркемдік дамуындағы ренессанс көрінісі саналарлық кеменгердің еңбегін тек осындағы көрнекті, мемлекеттік шаралар арқылы ғана жаңа биіктен, ғылымның өскелен, қазіргі талабы тұрғысынан қарап талдауға мол жағдай тумақ. Пушкин, Шевченко, Низами, Науай оқулары секілді Абай мұрасын жүйелі түрде талдап, ғылыми ойды серпілдіріп тұратын оқулар жүргізу керектігі де өзінен-өзі түсінікті. Абай энциклопедиясын шығару да абыройлы істің бірі болар еді.

Абай мұрасының орыстіліне әлі деболса шебераударылмағаны көптен бері жүрт көнілін қобалжытып келеді. Ал оның үстінен ең таңдаулы ақыннымыздың өлеңдері, дастандары, кара сөзі еліміздегі көптеген халық тіліне аударылып жетпегеніне өкінбеске болмайды. Бізге таныс деректерге қарағанда, Абай өлеңдері бұл кезге дейін армян, грузин, эстон, литван, белорусс, башқұрт, қырымтатар, карашай, балқар, құмық, ногай, саха, тува, гагауз, т.б. тілдерде жеке кітап ретінде шықпаған көрінеді. Мұның бәрі тиісті мекемелердің аударманы жоспарлау, ұйымдастыруындағы салақтығына, қаттырақ айтсақ, классикалық әдебиетімізге шын жанашырылық көрсетпей келгеніне байланысты.

Ұлы ақын мұрасын насихаттаудың жолы көп. Абай поэзиясы күндөрін жыл сайын тұрақты өткізіп тұруды шешетін кезі келді. Абайтану курсын барлық жоғары оқу орындарының филология факультетінде өтетін жағдай жасау керек. Абай мұрасын игеру – біздің ұлттық мәдени дамуымыздың қажетті шарты, елдік ісіміз деп қарасақ аbzal. Көрнекті ақынның Ә.Тәжібаев айтқандай, Абай – біздің тауысып болмаған университетіміз. Dana ойшыл санаткер туындылардың жан-жақты әрі тереңдігі соншалық, оның өнерлік жұмбағын шешуге әлі де зор ізденістер қажет.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай көлжазасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұтылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Кирабаев С. Абай – казақ әдебиетінің класигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты
8. Қабдоллов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сын: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б.; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариеv Б. Өппис мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Қурескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев І. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбегі. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптөмдүк. IV том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева ІІ. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдышқыш шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңапылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчество: мақалалар жинағы / ред баск.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

## МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. <b>Абай қолжазбасы</b> .....	3
Машанов А. <b>Ұлы ұстаз Абай</b> .....	8
Сүйіншәлиев Х. <b>Абайдың қарасөздері мен нақышдары</b> .....	19
Нұршайықов Ә. <b>Шұғылалы шумақтар</b> .....	33
Әлімбаев М. <b>Абайдың қайталап оқығанда</b> .....	46
Кирабаев С. <b>Абай – қазақ әдебиетінің классигі</b> .....	65
Ахметов З. <b>Өлең өрнектері</b> .....	72
Қабдолов З. <b>Абайдың ақындығы</b> .....	81
Кәкішев Т. <b>Абайдың сатирасы</b> .....	101
Нұрқатов А. <b>Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы</b> .....	109
Сахариев Б. <b>Өшпес мұра</b> .....	129
Дүйсенбаев Ы. <b>Абайдың поэмалары мен аудармалары</b> .....	137
Бердібаев Р. <b>Кеменгерлік келбеті</b> .....	154
Қожакеев Т. <b>Абай – сатирик</b> .....	167
Сәтбаева Ш. <b>Абай және Еуропа халықтары әдебиеті</b> .....	188
Базарбаев М. <b>Абайдың жаңашылдығы</b> .....	211
Дербісалин Ә. <b>Қазақ поэмасының тарихынан</b> .....	221
Хасенов М. <b>Абай шығармаларындағы сын</b> .....	235
Талжанов С. <b>Абай Құнанбаев</b> .....	247
Әбдірахманов Т. <b>Мәңгі жас мұра</b> .....	261
<b>Түсініктер</b> .....	269

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
III том  
Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8757**

Басуга 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1508.  
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.